

FTAMP 14.25.05

DOI 10.59941/2960-0642-2025-2-117-127

Білім алушылардың мамандық таңдаудағы аутентикалық мақсат және құралдық мотивтерін зерттеу

Н. П. Албытова¹, А.Мағауия^{2*}, А.А. Байтекеева³

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана қ., Қазақстан

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана қ., Қазақстан

³№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі
Алматы қ., Қазақстан

*mag-aizhan@mail.ru



Андатпа. Бұл мақалада білім алушылардың мамандық таңдаудағы аутентикалық және құралдық мотивтері кәсіби құндылықтар жүйесі аясында қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – кәсіби бағдарлану процесінде білім алушылардың шынайы (аутентикалық) мақсаттарды құралдық мотивтермен шатастыруының алдын алу. Зерттеуге Астана қаласының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқитын 92 білім алушы қатысты. Зерттеу барысында кәсіби құндылықтардың 9 шкаласы қолданылды: әлеуметтік, моральдық, эстетикалық, танымдық, шығармашылық, еңбек мазмұнына байланысты, материалдық, беделді және утилитарлық. Деректер сипаттамалық статистика, Спирменнің корреляциялық талдауы және факторлық талдау әдістерімен өңделді. Нәтижелер көрсеткендей, танымдық және утилитарлық құндылықтар ең жоғары бағаланған, ал факторлық құрылымда моральдық, әлеуметтік және шығармашылық құндылықтар материалдық және беделді мотивтермен бір компонентке бірікті. Бұл білім алушылардың мотивациялық құрылымында аутентикалық және құралдық бағдарлардың өзара қабаттасып көрініс табатынын көрсетті. Сонымен қатар еңбек мазмұнына байланысты шкала жоғары уникалдылыққа ие болып, басқа компоненттермен әлсіз байланыс көрсетті. Зерттеу нәтижелері кәсіби бағдар беру барысында білім алушылардың тұлғалық мағынаға негізделген мақсаттарын қолдай отырып, утилитарлық әсерлерді сын тұрғысынан бағалауға бағытталған тәсілдерді қолдану қажеттігін айқындайды.



Кілтті сөздер: мотивация, мамандық таңдау, білім алушы, аутентикалық мақсат, құралдық мотив, білім алушылар.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Албытова, Н. П., Мағауия, А., Байтекеева, А. А. Білім алушылардың мамандық таңдаудағы аутентикалық мақсат және құралдық мотивтерін зерттеу [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №2. – Б. 117-127.

Кіріспе

Елдегі әлеуметтік-экономикалық реформалардың сәтті орындалуы қоғамның әрбір мүшесінің шығармашылық әлеуетіне, олардың жеке бастамасы мен жауапкершілігіне, кәсібіне адалдығына және өзін-өзі тұлғалық дамытуына байланысты. Осы орайда қазіргі өзгермелі әлемде білім

беру жүйесінің ең өзекті мәселелерінің бірі оқушыларға кәсіби бағдар беру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жет-

кен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағида-тына толық сай келеді. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі», – деген болатын [1]. Демек, мамандық таңдауда білім алушыларды адал азамат болу мотивациясын дұрыс ұстанып, атқаратын қарекетінен мән табуға бағдарлау заманауи тенденция ретінде қарастырылуы тиіс.

Жалпы білім беретін мектептерде сынып жетекшілері, психологтер, әлеуметтік педагогтер, кітапханашылар бұл мақсаттағы жұмыстарды оқушылардың еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыруға, кәсіби іс-әрекеттің мазмұнын түсінуге үйретуге, мамандықтарға қойылатын талаптарды жеке қасиеттерімен байланыстыруға және өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін талдауға үйретуге бағыттап ұйымдастырып келеді [2].

Соңғы жылдарда Лекерова Г.Ж., Молдажанова М.М., Калыбекова С.К., Дауткалиева П.Б., Аманова И.К. және т.б. ғалымдар кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымын анықтау, кәсіпке бейімделу, кәсіби мотивация мен кәсіби мәнді құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері мәселелерін теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеліп келеді [3, 4].

Біз зерттеу жұмысымызға қатысты мамандық таңдау мотивациясы мәселесінде экзистенциализм бағытын ұстанатын психология ғылымының үшінші мектебі логотерапия ғылымына сүйендік. В. Франкл негізін салған бұл ілім жоғарыда аталған алғашқы екі мектептің принциптері болып есептелетін, «рақат пен комфорт» іздеу, биік статуска қол жеткізуді құрал деп, ал олардан жоғары тұрған мұратқа ұмтылуды – мақсат, аутентикалық мақсат деп түсінуді ұсынған. Психоанализдің бұл үшінші мектебі «адам бұл өмірге мән табу үшін келеді» деп санайды. Демек, адам кез келген мамандықты да мән табу үшін игереді» [5].

Экзистенциализмге байланысты С. Нұрқабекұлының келесі пікіріне назар аударуға

болады: «Философиядағы «экзистенция» деген терминді түріктер «бар болушылық» деп аударған. Адамның мақсаты өзіне жүктелген миссиясымен бар болып көріну, ал көріне алмаса, бар бола алмаудың қасіретін шегеді. Бұл үрей біреудің қамын жемеген ғалымдар мен шенеуніктердің де көңіліне қорқыныш ұялатады. Ғылым игеру, білім жинау, кәсіп игеру, еңбек ету – игілік, бірақ олар аутентикалық мақсат бола алмайды. Сондықтан «білім», «қабілет», «тек пен талант», «тәжірибе», «мотивация» сияқты дүниенің бәрі маңызы жағынан екінші кезекте тұратын дүние екеніне көз жеткіземіз» – деп тұжырымдайды [6].

Мамандық таңдау көп қырлы және күрделі процесс. Ол тұлғаның жеке қалауларын, қызығушылықтарын және әлеуметтік, мәдени, шынайы экономикалық жағдайлар сияқты түрлі факторлардың жиынтығын қамтиды.

Адамның белгілі бір мамандық таңдау мотивациясының көптеген теориялары белгілі. Олардың ең жиі әрі танымал бірнешеуін қарастырайық:

1. Өзін-өзі анықтау теориясы. Бұл теория бойынша мотивация адамның өзін қоршаған ортасымен қарым-қатынасының нәтижесі. Оның негізгі элементтері – еркіндік, құзыреттілік және кез келген іске өзінің қатынасының болуы. Мамандық таңдауда өз дербестігін және өз жұмысында өзін құзырлы сезінетін адамдар әдетте жұмыстарына қанағаттанады және кәсібиліктің жоғары деңгейін көрсетеді [7].

2. Кәсіби қызығушылықтар теориясы. Дж. Холланд адамдардың өздерінің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін мамандықтарды таңдайтын модельді ұсынды. Оның классификациясында реалистік, зерттеушілік, көркемдік, әлеуметтік, дәстүрлі және кәсіпкерлік сияқты тұлғаның алты түрлі типі анықталады және олар кәсіптің әрбір түрі үшін жеке сипаттамаларға ең қолайлы етіп топтастырылған [8].

3. Маслоудың қажеттіліктер теориясы. А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы

бойынша мамандық таңдау мотивациясы адамның қажеттіліктердің қандай деңгейінде болуына байланысты. Бастапқы қажеттіліктер (физиологиялық, қауіпсіздік) жоғары жалақысы және әлеуметтік кепілдіктері бар тұрақты мамандықтарды таңдауға әсер етеді, ал жоғары қажеттіліктер (өзін-өзі көрсету, тану) шығармашылықпен және өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты мамандықтарды таңдауға негізгі мотив болады [9].

4. Врумның күту теориясы. Бұл теория барынша күш-жігер жұмсау, өнімділік және сыйақы арасындағы қатынасқа бағытталған. Таңдалған мамандық қалаған марапаттарға әкеледі деген үміт мансап таңдау процесінде күшті мотивация, ынталандырушы болуы мүмкін [10].

Сонымен бірқатар ғылыми-теориялық әдебиеттерге шолу жасау мамандық таңдау барысында білім алушының аутентикалық мақсат пен құралды шатастырмауын қамтамасыз ету нақты қарастырылмайтындығын байқатты.

Аутентикалық мақсат – адамның шынайы өзін-өзі танып, өзінің қызығушылықтарына, қабілетіне сәйкес және өмірлік құндылықтарына бағытталған ұмтылысы. Адам өз өмірлік жолын құндылықтарға негіздеп ішкі мотивтерімен анықтағанда ғана аутентикалық шешім қабылдай алады.

Ал құрал ретінде мамандық дегеніміз – адамның мақсатына жету жолындағы тек бір тәсілі. Мәселен, тек табыс табу үшін дәрігер болу немесе қоғамда жоғары мәртебеге жету үшін заңгер мамандығын таңдау – бұл кәсіби бағыттағы құрал деп қараудың мысалы.

Құрал мен мақсатты шатастыру білім алушыны болашақта кәсіби күйзеліс пен ішкі қанағаттанбауға әкеледі.

Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты анықталды. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты білім алушының мамандық таңдау барысында құрал мен аутентикалық мақсатты алмастырып алмауының алдын алу болып табылады. Яғни, оқушылардың ма-

мандық таңдауында жиі кездесетін жоғары мансапқа жету, ықпалды қызмет ету, мықты маман болу, мол табысты қызмет атқару (құрал) сияқты мотивтерін мамандықтан мән табудың құралы деп танып, шынайы мақсат (аутентикалық мақсат) қоюға бағыттау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбымызға орай білім алушылардың мамандық таңдаудағы негізгі мотивтерін анықтау үшін Е.М. Павлютенковтың «Мамандық таңдаудың негізгі себептерін анықтау» әдістемесі жүргізілді [11] және авторлық сауалнама құрастырылды. Бұл әдіс белгілі бір пәнге мамандық таңдауда белгілі бір мотивтердің рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Субъектіге мамандық туралы 18 пайымдау бар сауалнама беріледі. Бұл пайымдаулар мотивтердің 9 тобын білдіреді. 5 жауап нұсқасы беріледі: «Иә» – 5 ұпай, «Иә деуге келетін сияқты» – 4 ұпай, «Жауап беруге қиналамын» – 0 ұпай, «Жоқ деуге келетін сияқты» – 2 ұпай, «Жоқ» – 1 ұпай.

Зерттеуге Астана қаласындағы жалпы орта білім беретін мектептерде оқып жатқан барлығы 92 білім алушы қатысты. Қатысушылардың жыныстық құрамын сипаттайтын болсақ, олардың 32-сі ұл бала (34,8%) және 60-ы қыз бала (65,2%) болды. Жас ерекшелігіне байланысты зерттеу тобы келесідей бөлінді: 15 жастағы – 25 оқушы (27,2%), 16 жастағы – 20 оқушы (21,7%), 17 жастағы – 37 оқушы (40,2%) және 18 жастағы – 10 оқушы (10,9%). Сынып бойынша қатысушылардың үлесі мынадай: 9-сыныпта оқитындар – 29 оқушы (31,5%), 10-сыныпта – 7 оқушы (7,6%) және 11-сыныпта – 56 оқушы (60,9%).

Зерттеуге қатысушылар кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы таңдалды. Барлық білім алушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) зерттеу мақсатымен және шарттарымен алдын ала таныстырылып, жазбаша түрде келісім берді. Зерттеу барысында этикалық қағидалар мен құпиялық талаптары толық сақталды.

Зерттеу деректерін өңдеу және талдау

үшін Jamovi бағдарламалық пакеті (2.6 нұсқасы) пайдаланылды. Әлеуметтік-экономикалық және мотивациялық көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында Спирмен рангілік корреляция коэффициенті (Spearman's rho) есептелді, себебі мәліметтер тәртіптік (ординалды) шкалада ұсынылған.

Корреляциялық талдау нәтижелері қатысушылардың кәсіби құндылықтары мен түрлі мотивациялық факторлары арасындағы өзара байланыстардың бар екенін көрсетті. Статистикалық маңыздылық келесі деңгейлерде белгіленді: $p < .05$ – маңызды, $p < .01$ – жоғары маңыздылық, $p < .001$ – өте жоғары маңыздылық.

Сондай-ақ кәсіби құндылықтардың құрылымын анықтау мақсатында факторлық талдау (негізгі компоненттер әдісі, Varimax rotation) жүргізілді. Компоненттер саны екімен шектеліп, мотивациялық бағдарлардың негізгі бағыттары (аутентикалық және құралдық) анықталды.

Нәтижелер

Зерттеу барысында білім алушылардың мамандық таңдаудағы құндылық бағдарларын көрсететін 9 шкала талданды: әлеуметтік, моральдық, эстетикалық, танымдық, шығармашылық, еңбек мазмұнымен байланысты, материалдық, беделді және утилитарлық. Әр шкала бойынша орташа, медианалық, стандартты ауытқу мәндері, сондай-ақ минималды және максималды ұпайлар ұсынылады (1-кесте).

Орташа мәндер оқушылар арасында ең айқын құндылықтар утилитарлық (9.00), танымдық (8.99), беделді (8.15), эстетикалық (8.13), моральдық және әлеуметтік (әрқайсысы 8.04) екенін көрсетті. Бұл кәсіби өзін-өзі анықтауда практикалық артықшылықтардың, білімге ұмтылудың, танудың және моральдық нұсқаулардың жоғары маңыздылығын көрсетеді. Еңбек мазмұнына байланысты құндылықтар (7.38), шығармашылық (7.89) және материалдық (7.60) құндылықтар аз болды. Салыстырмалы түрде төмен орташа мәндерге қарамастан, барлық таразылар жалпы алғанда жоғарғы диапазонда, бұл ре-

спонденттердегі кәсіби қызметтің барлық аспектілерін жеткілікті жоғары бағалауды көрсетеді.

Көптеген шкалалар бойынша медианалар 9 немесе 10 құрайды, бұл жоғары бағалардың басым екендігін растайды. Бұл әсіресе танымдық, утилитарлық, эстетикалық және беделді құндылықтар шкаласы бойынша көрінеді (10.00), бұл респонденттер арасында осы бағыттардың маңыздылығына қатысты консенсус туралы айтады.

Стандартты ауытқу (SD) жауаптардың өзгергіштік дәрежесін көрсетеді. Ең үлкен алшақтық эстетикалық (SD = 3.06), материалдық (SD = 2.92) және шығармашылық (SD = 2.76) шкалаларында байқалады. Бұл дегеніміз, осы санаттар бойынша білім алушылардың пікірлері айтарлықтай ерекшеленеді: кейбіреулер үшін олар маңызды, ал басқалары үшін маңызды емес. Ең аз вариация утилитарлық (SD = 1.93) және танымдық (SD = 2.02) құндылықтарда байқалады, бұл олардың маңыздылығын бағалаудағы салыстырмалы бірлікті көрсетеді.

Бірқатар шкалалар бойынша минималды мәндер нөлге тең (эстетикалық, танымдық, шығармашылық, материалдық), бұл мамандықты таңдауда осы аспектілерді маңызды деп санамайтын білім алушылардың болуын көрсетеді. Алайда барлық шкалалар бойынша максималды мәндер 10-ға тең, бұл қарама-қарсы көзқарастардың болуын көрсетеді және мотивациялық көзқарастардың әртүрлілігін көрсетеді.

Білім алушылар мамандық таңдауда утилитарлық, танымдық, моральдық және беделді құндылықтарға басымдық береді. Сонымен қатар эстетикалық, шығармашылық және материалдық құндылықтар бойынша таралудың жоғары дәрежесі жеке айырмашылықтарды және кәсіптік бағдар беру жұмысында сараланған тәсілдің қажеттілігін көрсетеді. Алынған нәтижелер оқушылардың құндылық басымдықтарын ескере отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауды қолдау бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

1-кесте – Білім алушылардың кәсіби құндылықтары шкаласы бойынша сипаттамалық статистикасы (n = 92)

	Орташа мән	Медиана	Стандартты ауытқу (SD)	Минимум	Максимум
Әлеуметтік	8.04	9.00	2.34	1	10
Моральдық	8.04	9.50	2.62	1	10
Эстетикалық	8.13	10.00	3.06	0	10
Танымдық	8.99	10.00	2.02	0	10
Шығармашылық	7.89	9.00	2.76	0	10
Еңбек мазмұнына байланысты	7.38	7.00	2.33	0	10
Материалдық	7.60	9.00	2.92	0	10
Беделді	8.15	10.00	2.71	0	10
Утилитарлық	9.00	10.00	1.93	1	10

Білім алушылардың кәсіби құндылықтарының әртүрлі шкалалары арасындағы байланысты анықтау үшін Спирмен коэффициентін қолдана отырып корреляциялық матрица есептелді. Нәтижелер 2-кестеде келтірілген.

Моральдық және әлеуметтік құндылықтар арасында күшті оң байланыс байқалды ($r = 0.530$, $p < .001$), бұл моральдық ұстанымдарға бейім білім алушылардың еңбек қызметіндегі әлеуметтік аспектілерді (өзара көмек, ұжымшылдық, қоғамдық пайда) жоғары бағалайтынын көрсетеді. Эстетикалық құндылықтар танымдық ($r = 0.625$, $p < .001$), моральдық ($r = 0.495$, $p < .001$) және шығармашылық құндылықтармен ($r = 0.498$, $p < .001$) тығыз байланысты. Бұл сұлулықты, үйлесімділікті қабылдау және шығармашылық өзін-өзі танытуға ұмтылыс көбінесе өзін-өзі дамыту, ізгілік және креативтілікке ұмтылумен қатар жүретінін көрсетеді. Шығармашылық құндылықтар беделді ($r = 0.511$, $p < .001$) және моральдық ($r = 0.502$, $p < .001$) құндылықтармен жоғары корреляция көрсетті. Бұл шығармашылық еңбекті тұлғалық сенімдермен үйлесетін және қоғамдық мойындауға апаратын тәсіл ретінде қабылдау тән екенін білдіреді. Материалдық құндылықтар бірқатар шкалалармен, соның ішінде эстетикалық ($r =$

0.491 , $p < .001$), шығармашылық ($r = 0.455$, $p < .001$) және беделді ($r = 0.542$, $p < .001$) құндылықтармен тығыз байланыста. Бұл сыртқы (материалдық) және ішкі (шығармашылық, эстетикалық) түрткілерді біріктіретін кешенді мотивацияны көрсетеді. Танымдық құндылықтар көптеген шкалалармен, әсіресе эстетикалық ($r = 0.625$, $p < .001$), моральдық ($r = 0.472$, $p < .001$) және шығармашылық ($r = 0.467$, $p < .001$) құндылықтармен айтарлықтай байланысқа ие. Бұл өзін-өзі дамыту мен зияткерлік еңбек білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының өзегі екенін дәлелдейді. Еңбек мазмұнына байланысты құндылықтар басқа шкалалармен әлсіз және негізінен маңызды емес корреляция көрсетті, тек танымдық ($r = 0.269$, $p < .01$) және беделді құндылықтармен ($r = 0.283$, $p < .01$) шамалы байланыс бар. Бұл мектеп оқушыларының кәсіби қызмет мазмұны туралы түсініктерінің әлі де тұрақсыз немесе толық қалыптаспағанын көрсетеді. Утилитарлық құндылықтар эстетикалық ($r = 0.350$, $p < .001$), танымдық ($r = 0.344$, $p < .001$), шығармашылық ($r = 0.300$, $p < .01$) және материалдық ($r = 0.270$, $p < .01$) шкалаларымен орташа оң байланыс көрсетті. Бұл кәсіптің пайдалығы мен практикалығы жиі тұлғалық және гуманистік бағыттағы ұстанымдармен ұштасатынын білдіреді.

2-кесте – Білім алушылардың кәсіби құндылықтарының корреляциялық матрицасы

Корреляциялық матрица									
	Әлеу- меттік	Мораль- дық	Эсте- тика- лық	Таным- дық	Шығар- машы- лық	Еңбек мазмұ- нына байла- нысты	Мате- риал- дық	Бе- дел- ді	Ути- литар- лық
Әлеумет- тік	—								
Мораль- дық	0.530***	—							
Эстетика- лық	0.382***	0.495***	—						
Таным- дық	0.284**	0.472***	0.625***	—					
Шығар- машылық	0.349***	0.502***	0.498***	0.467***	—				
Еңбек мазмұ- нына бай- ланысты	0.147	0.202	0.269**	0.188	0.194	—			
Матери- алдық	0.275**	0.273**	0.491***	0.380***	0.455***	0.144	—		
Беделді	0.232*	0.246*	0.337**	0.249*	0.511***	0.283**	0.542***	—	
Утилитар- лық	0.230*	0.266*	0.350***	0.344***	0.300**	0.103	0.270**	0.192	—
Ескерту: * $p < .05$, ** $p < .01$, *** $p < .001$									

Корреляциялық талдау білім алушылардың әртүрлі кәсіби құндылықтары арасындағы көптеген қатынастарды анықтады, бұл мамандық таңдаудағы мотивацияның жан-жақты сипатын көрсетеді. Моральдық, танымдық, эстетикалық және шығармашылық таразылар арасындағы байланыстар әсіресе маңызды, бұл оқушылардың кәсіби бағдарларындағы ішкі құндылықтар мен жеке мағынаның үстемдігін көрсетеді. Утилитарлық, материалдық және беделді құндылықтар арасындағы айқын оң байланыстар сыртқы, прагматикалық мотивацияның болуын көрсетеді. Алынған нәтижелер ішкі және сыртқы құндылық қатынастарын ескере отырып, жеке кәсіптік бағдар беру жұмыстарына негіз бола алады.

Білім алушылардың кәсіби құндылықтарының жасырын құрылымын анықтау

мақсатында варимакс бұруымен бірге негізгі компоненттер әдісі бойынша факторлық талдау жүргізілді. Талдауға мамандық таңдау барысында білім алушылар басшылыққа алатын 9 құндылық шкаласы енгізілді. Компоненттер саны екімен шектелді, бұл зерттеу гипотезасына – кәсіби бағдардың аутентикалық және құралдық бағыттары бар деген болжамға сәйкес келеді. Бірінші компонент – аутентикалық, екінші компонент – құралдық бағыттарды қамтыды.

Талдау нәтижелері 3-кестеде келтірілген. Бірінші компонентке келесі шкалалар жоғары факторлық жүктемемен кірді: моральдық (0.847), әлеуметтік (0.790), шығармашылық (0.738), материалдық (0.765), беделді (0.763) және эстетикалық (0.595) құндылықтар. Бұл компонент, негізінен, аутентикалық және тұлғалық-мағыналық

бағдарларды сипаттайды. Алайда матери-алдық және беделдік шкалалардың қатар енуі оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыру ұғымына сыртқы табыс пен әлеуметтік мәртебені табиғи құрамдас бөлік ретінде қарайтынын көрсетеді.

Екінші компонентке мына шкалалар енді: утилитарлық (0.470), танымдық (0.477) және эстетикалық (0.415). Бұл компонент кәсіби құндылықтардың утилитарлық және прагматикалық бағыттарын сипаттайды. Сонымен қатар танымдық және эстетикалық шкалалардың қатысуы бұл

бағыттың аралас сипатын білдіреді – яғни сыртқы пайда мен ішкі қызығушылықты қатар ұстанатын көзқарастар бар екенін көрсетеді.

Айта кету керек, «еңбек мазмұнына байланысты» шкаласы жоғары уникалдылық мәнін (0.846) көрсетті, бұл оның екі компонентпен де әлсіз байланыста екенін білдіреді. Бұл нәтиже білім алушылардың еңбек мазмұны туралы түсініктерінің әлі қалыптаспағанын немесе оларды жетекші мотивациялық бағдарлармен байланыстыра алмайтынын білдіреді.

3-кесте. Кәсіби құндылық шкалаларының факторлық жүктемелері

Шкала	Компонент 1 (Аутентикалық)	Компонент 2 (Құралдық)	Бірегейлігі
Моральдық	0.847	—	0.259
Әлеуметтік	0.790	—	0.370
Шығармашылық	0.738	—	0.379
Материалдық	0.765	—	0.386
Беделдік	0.763	—	0.414
Эстетикалық	0.595	0.415	0.473
Танымдық	0.413	0.477	0.602
Утилитарлық	0.300	0.470	0.689
Еңбек мазмұнына байланысты	0.377	—	0.846

Ескерту: Varimax rotation қолданылды; факторлық жүктемесі 0.30-дан төмен мәндер көрсетілмеген.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері білім алушылардың кәсіби құндылықтары құрылымының күрделі және көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетті. Сипаттамалық статистика білім алушылардың көбіне утилитарлық (орташа = 9.00) және танымдық (орташа = 8.99) құндылықтарды жоғары бағалайтынын айқындады. Бұл олардың мамандық таңдауда практикалық пайдалы болу мен өзін-өзі дамытуға ұмтылатынын білдіреді. Сонымен қатар моральдық, әлеуметтік, эстетикалық және шығармашылық құндылықтардың да жоғары деңгейде бағалануы оқушылардың таңдауы тек сыртқы пайдаға емес, ішкі мағынаға, тұлғалық сәйкестікке негізделетінін көрсетеді.

Корреляциялық талдау білім алушылардың мотивациялық құрылымында аутентикалық және құралдық мотивтердің қатар өмір сүретінін көрсетті. Атап айтқанда, моральдық пен әлеуметтік, эстетикалық пен танымдық, творчестволық пен престиждік шкалалар арасындағы жоғары оң байланыстар білім алушылардың кәсіби болашақты таңдауда тек утилитарлық емес, тұлғалық және әлеуметтік мән-мағына іздейтінін айқындайды.

Факторлық талдау нәтижесінде анықталған екі компоненттің біріншісіне моральдық, әлеуметтік және шығармашылық құндылықтармен қатар материалдық және престиждік шкалалардың бірігуі жастардың мотивациялық бағда-

рында тұлғалық пен прагматикалық көзқарастардың қабаттасатынын көрсетті. Бұл — қазіргі жасөспірімдердің кәсіби құндылықтарында мотивациялық гибриділік тән екенін білдіреді. Мұндай құрылым Deci & Ryan ұсынған өзіндік детерминация теориясына сәйкес келеді, бұл теорияда адам әрекетінде ішкі және сыртқы мотивация қатар әсер ететіні көрсетіледі [7].

Бұл тұжырымдарды қазіргі заманғы зерттеулер де қолдайды. Мысалы, Savickas жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануы тек еңбек нарығындағы сұранысқа емес, сонымен бірге жеке тұлғалық өзін-өзі басқару мен мән іздеуге негізделуі керек екенін айтады [12]. Оның пікірінше, қазіргі жастардың мотивациялық құрылымы – күрделі, әртүрлі бағыттағы құндылықтардың бірігуінен тұрады, бұл біздің зерттеу нәтижелерімен толық сәйкес келеді.

Сол сияқты, Lei & Watt кәсіби бейімделу қабілетін дамытуға бағытталған NEFELE үлгісін зерттей отырып, жасөспірімдердің кәсіби таңдауына ішкі мотивация мен аутентикалық мақсаттардың әсері зор екенін дәлелдеген. Бұл біздің зерттеуде байқалған моральдық, танымдық және шығармашылық құндылықтардың маңыздылығымен үндеседі [13].

Бұдан бөлек, Zheng & Jin өз зерттеуінде жасөспірімдердің жеке құндылықтары мен кәсіби таңдаулары арасындағы байланысты көрсетіп, құндылық бағдарларының құрылымдық талдауын ұсынады [14]. Біздің факторлық талдауда да дәл осындай байланыстар – танымдық, утилитарлық және эстетикалық шкалалар арасындағы топтасу – байқалды.

Ал Tognoli & Nobili жүргізген лонгитюдтік зерттеулер білім алушылардың кәсіби шешімдеріне ата-аналар мен мұғалімдердің қолдауы, әлеуметтік ортаның әсері шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Бұл біздің зерттеуде анықталған әлеуметтік құндылықтардың жоғары бағалануы мен оның моральдықпен байланысын түсіндіреді [15].

Еңбек мазмұнына байланысты шкаланың басқа факторлармен әлсіз байланысы білім алушылардың еңбек процесінің мәнін толық ұғынбағанын көрсетеді. Мұндай нәтиже Роджерстің теорияларымен түсіндіріледі, онда жасөспірімдердің тұлғалық тәжірибесінің жетілмегендігі кәсіби мағынаға бағдарлануға кедергі келтіретіні атап өтілген [16].

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері білім алушылардың кәсіби құндылықтары әртүрлі бағыттағы мотивтерге – утилитарлық, танымдық, моральдық, әлеуметтік және шығармашылық бағдарларға негізделетінін көрсетті. Құндылықтар арасындағы өзара байланыс пен факторлық құрылым олардың мотивациялық бейнесінің күрделі әрі аралас екенін айқындады.

Аутентикалық және утилитарлық мотивтердің қатар көрініс табуы қазіргі жасөспірімдердің кәсіби таңдауында ішкі мағына мен сыртқы мақсаттардың тоғысып келетінін білдіреді. Сонымен қатар кейбір құндылықтардың (мысалы, еңбек мазмұны) әлсіз көрінісі кәсіби түсініктердің толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Жалпы, зерттеу нәтижелері кәсіби бағдар беру процесінде оқушылардың жеке-леген мотивациялық құрылымдарын ескеріп, тұлғалық мағынаны дамытуға бағытталған тәсілдерді қолдану қажеттігін дәлелдеді.

Қолданылған деректер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жыл 3 наурыздағы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі [Электронды ресурс] // URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshiotyrysynda-soylegen-sozi-1525727>
2. Методические рекомендации по стратегии построения системы непрерывной профориентации обучающихся. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2023. – 81 с.
3. Лекерова, Г.Ж., Молдажанова, М.М., Калыбекова, С.К. Основные этапы профессионализации личности, мотивация выбора профессии

психолога // Педагогика и психология в современном мире: теоретические и практические исследования. Сборник статей по материалам V международной научно-практической конференции. – М.: ООО «Интернаука», 2017. – Т. 5, ч. 1. – С. 70–74.

4. **Дауткалиева, П. Б., Аманова, И. К.** Студенттердің жеке-кәсіби қасиеттерін дамыту факторы ретінде кәсіби мотивацияның құрылымы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Арнайы педагогика» сериясы. – 2023. – Т. 72. – №1. – Б. 138-144.
5. **Керімбай, С.** Логотерапия. – Алматы, «Орхон» Баспа үйі. – 2020. – 472 б.
6. **Нұсқабекұлы, С.** Мамандықтың мәні. – Алматы: «Отбасы» баспа үйі. – 2024. – 256 б.
7. **Deci, E.L., Ryan, R.M.** The "What" and "Why" of Goal Pursuits: Human Needs and the Self-Determination of Behavior // *Psychological Inquiry*. – 2000. – Vol. 11, № 4. – P. 227–268. – DOI: 10.1207/S15327965PLI1104_01.
8. **Holland, J.L.** Making Vocational Choices: A Theory of Vocational Personalities and Work Environments. – 3rd ed. – Odessa, FL: Psychological Assessment Resources, 1997. – 474 p.
9. **Maslow, A.H.** A Theory of Human Motivation // *Psychological Review*. – 1943. – Vol. 50, № 4. – P. 370–396.
10. **Vroom, V.H.** Work and Motivation. – New York: Wiley, 1964. – 331 p.
11. **Павлютенков, Е.М.** Управление профессиональной ориентацией в общеобразовательной школе. – Владивосток: Дальневосточный государственный университет, 1990. – 168 с.
12. **Savickas, M.L.** Contemporary career orientations and career self-management // *Journal of Vocational Behavior*. – 2023. – Vol. 140. – Article 103783. – DOI: 10.1016/j.jvb.2023.103783.
13. **Lei, Y., Watt, H.M.G.** The NEFELE career guidance model in adolescence: Effects on career adaptability // *Frontiers in Psychology*. – 2024. – Vol. 15. – Article 1437472. – DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1437472.
14. **Zheng, X., Jin, S.** Adolescents' personal values and career-related preferences among young adults // *Journal of Personality*. – 2023. – Vol. 91, №3. – P. 657–672. – DOI: 10.1111/jopy.12935.
15. **Tognoli, S., Nobili, A.** Perceived support and influences in adolescents' career choices: Longitudinal evidence from Swiss youth // *Journal of Career Development*. – 2023. – Vol. 50, №2. – P. 257–272. – DOI: 10.1177/08948453231154635.
16. **Роджерс, К.** Взгляд на психотерапию: становление человека. – М.: Прогресс, 1994. – 480 с.
17. **kurultai "Adal Adam – Adal labor – Adal income" on March 3, 2024** [Elektronnyy resurs] // URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulattyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>
2. **Metodicheskie rekomendacii po strategii postroeniya sistemy nepreryvnoj proforientacii obuchayushchih** [Methodological recommendations on the strategy of building a system of continuous career guidance for students. Astana: Nacionalnaya akademiya obrazovaniya im. I. Altynsarina, 2023. – 81 s.
3. **Lekerova, G.ZH., Moldazhanova, M.M., Kalybekova, S.K.** Osnovnye etapy professionalizacii lichnosti, motivaciya vybora professii psihologa [The main stages of professionalization of personality, motivation for choosing the profession of a psychologist] // *Pedagogika i psihologiya v sovremennom mire: teoreticheskie i prakticheskie issledovaniya. Sbornik statej po materialam V mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*. – М.: ООО «Интернаука», 2017. – Т. 5, ch. 1. – С. 70–74.
4. **Dautkalieva, P.B., Amanova, I.K.** Studentterdiñ жеке-кәсіби қасиеттерін дамыту факторы ретінде кәсіби мотивацияның құрылымы [Students' personal-professional the structure of professional motivation as a factor in the development of qualities] // *Abai atyndaғы QazҰPU Хабаршысы. «Arнайы pedagogika» seriasy*. – 2023. – Т. 72. – №1. – Б. 138-144.
5. **Kerimbai, S.** Logoterapia [Logotherapy]. – Almaty, «Orhon» Baspa üii. – 2020. – 472 b.
6. **Nusqabekuly, S.** Mamandyqtyñ mǎnı [The essence of the profession]. – Almaty: «Otbası» baspa üii. – 2024. – 256 b.
7. **Deci, E.L., Ryan, R.M.** The "What" and "Why" of Goal Pursuits: Human Needs and the Self-Determination of Behavior // *Psychological Inquiry*. – 2000. – Vol. 11, № 4. – P. 227–268. – DOI: 10.1207/S15327965PLI1104_01.
8. **Holland, J.L.** Making Vocational Choices: A Theory of Vocational Personalities and Work Environments. – 3rd ed. – Odessa, FL: Psychological Assessment Resources, 1997. – 474 p.
9. **Maslow, A.H.** A Theory of Human Motivation // *Psychological Review*. – 1943. – Vol. 50, № 4. – P. 370–396.
10. **Vroom, V.H.** Work and Motivation. – New York: Wiley, 1964. – 331 p.
11. **Pavlyutenkov, E.M.** Upravlenie professional'noj orientaciej v obshcheobrazovatel'noj shkole [Management of professional orientation in secondary schools]. – Vladivostok: Dal'nevostochnyj gosudarstvennyj universitet, 1990. – 168 s.
12. **Savickas, M.L.** Contemporary career orientations and career self-management // *Journal of Vocational Behavior*. – 2023. – Vol. 140. – Article 103783. – DOI: 10.1016/j.jvb.2023.103783.
13. **Lei, Y., Watt, H.M.G.** The NEFELE career guidance model in adolescence: Effects on career adaptability

References

- // *Frontiers in Psychology*. – 2024. – Vol. 15. – Article 1437472. – DOI: 10.3389/fpsyg.2024.1437472.
14. Zheng, X., Jin, S. Adolescents' personal values and career-related preferences among young adults // *Journal of Personality*. – 2023. – Vol. 91, №3. – P. 657–672. – DOI: 10.1111/jopy.12935.
15. Tognoli, S., Nobili, A. Perceived support and influences in adolescents' career choices: Longitudinal evidence from Swiss youth // *Journal of Career Development*. – 2023. – Vol. 50, №2. – P. 257–272. – DOI: 10.1177/08948453231154635.
16. Rodzhers, K. Vzgl'yad na psihoterapiyu: stanovlenie cheloveka [A look at psychotherapy: becoming a human being]. – M.: Progress, 1994. – 480 s.

Исследование аутентичных целей и инструментальных мотивов обучающихся при выборе профессии

Н.П. Албытова¹, А. Мағауия^{2*}, А.А. Байтекеева³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан

²Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, г. Астана, Казахстан

³Казахский гуманитарно-педагогический колледж №1, г. Алматы, Казахстан

*mag-aizhan@mail.ru



Аннотация. В статье рассматриваются аутентичные и инструментальные мотивы обучающихся при выборе профессии в контексте системы профессиональных ценностей. Цель исследования – предотвратить подмену обучающимися подлинных (аутентичных) целей инструментальными мотивами в процессе профессионального самоопределения. В исследовании приняли участие 92 обучающихся общеобразовательных школ города Астаны. В рамках исследования были использованы девять шкал профессиональных ценностей: социальные, моральные, эстетические, познавательные, творческие, связанные с содержанием труда, материальные, престижные и утилитарные. Данные были обработаны с применением описательной статистики, корреляционного анализа Спирмена и факторного анализа. Результаты показали, что наивысшие оценки получили познавательные и утилитарные ценности, а в факторной структуре моральные, социальные и творческие ценности объединились с материальными и престижными мотивами в один компонент. Это свидетельствует о перекрытии аутентичных и инструментальных установок в мотивационной структуре обучающихся. Кроме того, шкала, связанная с содержанием труда, показала высокую уникальность и слабую связь с другими компонентами. Результаты исследования подчеркивают необходимость применения в профориентационной работе подходов, поддерживающих личностно значимые цели обучающихся и формирующих критическое отношение к утилитарным мотивам.



Ключевые слова: мотивация, выбор профессии, обучающийся, аутентичная цель, инструментальный мотив, профессиональные ценности.

Exploring Authentic Goals and Instrumental Motives of Students in Career Choice

N.P. Albytova¹, A. Magaiiya^{2*}, A.A. Baytekeeva³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Kazakhstan

³Kazakh Humanities and Pedagogical College No. 1, Almaty, Kazakhstan

*mag-aizhan@mail.ru



Abstract. This article examines students' authentic and instrumental motives in career choice within the framework of professional values. The aim of the study is to prevent the substitution of genuine (authentic) goals with instrumental motives during the career orientation process. The study involved 92 students from general secondary schools in the city of Astana. The research utilized nine professional value scales: Social, Moral, Aesthetic, Cognitive, Creative, Related to the Content of Labor, Material, Prestige, and Utilitarian. Data were analyzed using descriptive statistics, Spearman's correlation analysis, and factor analysis. The results showed that Cognitive and Utilitarian values were rated the highest. In the factor structure, Moral, Social, and Creative values clustered with Material and Prestige motives into a single component. This indicates an overlap between authentic and instrumental orientations in students' motivational structures. Additionally, the scale related to the content of labor exhibited high uniqueness and weak correlation with other components. The findings highlight the need for career guidance approaches that support students' personally meaningful goals while fostering a critical evaluation of utilitarian motives.



Keywords: motivation, career choice, student, authentic goals, instrumental motives, professional values.

Мақала баспаға 08.01.2025 келіп түсті.